

Биылғы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша мақсатымыз ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке және табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Сол құндылықтарды тәрбиелеу мақсатында жүргізілген жұмыстар туралы мәліметтер.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» атты педагогтермен интеллектуалды сайыс өтті. Сайыс барысында қатысқан педагогтер білімдерін, тапқырлықтарын және жылдамдықтарын көрсетті. Сайыс нәтижесі бойынша ең жоғары ұпай жинаған қатысушылар жеңімпаз атанды



Күзгі асар жәрмеңкесі.

Мақсаты: Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктері және күз мезгілінде жеміс-жидектер, көкөністер пісетіндігі туралы мағлұмат беру. Ата-аналармен бірлесіп күзгі табиғи қалдық материалдардан жасаған балалардың жұмыстарына назар аудару, балалармен әңгімелесу. Күзге арнаған тақпақ, әндерін айтқызып, мерекелік көңіл-күй сыйлау.

Тәрбиешілер: «Күншуақ» тобында Қайрлиева.Г.С.

«Құлыншақ» тобында Қуанышбаева.Б.Қ.

«Балапан» тобында Тлепбергенова А.С. (уақытша) «Күзгі асар» жәрмеңкесін ортаңғы «Күншуақ», «Балапан», «Құлыншақ» топтары әзірленді. Әр топта ата-аналармен бірлескен табиғи қалдықтардан әзірленген күзгі көрме болды. Сонымен қатар жеміс-жидектер, көкөністер, банкаға жабылған тосап, кампот, салаттар жәрмеңкенің көркін ашты. Балалар мерекеге сай киінген, көтеріңкі көңіл-күйде болды. Балалар өздері және ата-анасы жасаған бұйымтайларын көрсетіп мәз болды. Балалар күз мезгіліне арнаған тақпақтарын және «Қызыл сары жапырақ» атты әндерін айтты. Күз ханшайымының «Кім жылдам?» «Күн мен жаңбыр» ойындарын ойнады. Балалар қызығушылық пен белсенділік танытты.





Әкелер сайысы.

Тақырыбы: «Жарысқа шық жанұя!»

Мақсаты: Ата-бабамыздан ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тәрбие туралы түсінік беру. Жанұя арасындағы байланыс, әкенің тұлға, шешенің қызға тәрбиесінің ықпалын айтып, балаларды бірін – бірі сыйлай білуге, қамқорлыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Ата аналар өздерін таныстырып, бата беруден жарысып, арқан тартысып, қол күресіп, асық атып, ләңгі ойнап, сайысқа қатысқан әкелер барлығы да өз жылдамдықтарын, тапқырлықтарын ортаға салып, сайысты тәмәмдады. Жеңіске жеткен ата ананы марапаттады.



Балабақша педагогтерінің арасындағы жарыс ойыны

«Бәріміз бірге мықтымыз!»

Мақсаты: Бөбекжай бақша ұжымының спортқа деген қызығушылықтарын арттыру, қимыл қозғалыстарын жетілдіру, ептілік, шапшаңдыққа баулу. Бір орта мақсатты жұмыла бірігуге, ұйымшылдыққа баулып, қимыл әрекетке жаттықтыру. Салауатты өмір салтын насихаттауға және спортпен шұғылданып тұруға шақыру. Күшқуат пен секіргіштікті дамыту. Қатысушылар өздерін таныстырып, «Кім епті», «Асық жинау», «Кім білгір», «Шар жару» ойындарын ойнап, екі топта өздерінің шапшаңдылықтарын көрсете білді. Жеңіске жеткен топты марапаттады.



Алтын күз ертеңгілігі

Балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру.Күз мезгілінде болатын ерекшеліктерімен таныстырып,балалардың шығармашылық,қызығушылықтарын арттырып,ұйымшылдыққа ,достыққа,жауапкершілікке тәрбиелеу.Күз туралы әндерін айтып,ойындарын ойнап,жұмбақ жасырып ,күз ханшайымы келіп берекелі,мерекелі жомарт күзді қарсы алды,балалар өз өнерлерін көрсетіп қызығушылықтарын арттырды.



Ұлттық ойын : «Тақия тастамақ»

Балаларға тақпақ, жаңылтпаштар, мақал мәтелдер айтқызу, ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру. Өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту. Балаларды жылдамдыққа, тапқырлыққа, шапшаңдыққа дамыту. Ойлау қабілеттерін арттыру.



